

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны, айырым белгілері туралы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының нысанды киімі мен нышанының мемлекеттік стандарттарын, олардың сапалы өлшемдерін, нормаларын және бірыңғай мемлекеттік үлгісін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды іс жүзінде пайдалануды реттеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1 . М ы н а л а р :

1) 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны;

2) 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің айырым белгілері;

3) 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері погондарының, фуражка жиектерінің, жеңдегі белгілер негіздерінің, әскери киім нысаны заттарындағы жолақтардың, көмкермелер мен лампастардың түсі бекітілсін.

2 . М ы н а л а р :

1) әскери қызметшілердің әскери киім нысаны мен айырым белгілерінің заттарын, әскер түрлері, тектері мен қызметтері, олардың функционалдық тағайындалуы бойынша нақты әскери құралымдар бойынша айырым белгілерін, сондай-ақ әскери қызметшілердің әскери киім нысанын, айырым белгілерін, ведомстволық ерекшелік белгілерін және өзге де әскери-геральдикалық белгілерді киіп жүру ережесін Қазақстан Республикасының заңнамасымен әскери қызмет көзделген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші б а с ш ы л а р ы а й қ ы н д а й д ы ;

2) әскери қызметші болып табылмайтын адамдардың нысанды киімі мен айырым белгілері әскери қызметшілердің әскери киім нысанымен және айырым белгілерімен ұ қ с а с б о л у ы м ү м к і н е м е с ;

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөніндегі ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қорғаным министрлігі, сондай-ақ оның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен әскери қызмет көзделген Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының нысанды киімі мен нышанының мемлекеттік стандарттарын сақтау, олардың сапалы өлшемдерін, нормаларын және бірыңғай мемлекеттік үлгісін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды іс жүзінде пайдалануды реттеу мақсатында әскери киім нысаны заттарының, погондары мен айырым белгілерінің

с и п а т т а м а с ы н

б е к і т с і н .

Жаңа киім нысанына өту осы мұқтажға бөлінген ақшалай қаражатқа сәйкес 2006 жылдан 2008 жылға дейін ескіруі бойынша, кезең-кезеңмен, жоспарлы түрде жүзеге а с ы р ы л с ы н .

5. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны мен айырым белгілері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 215 Жарлығының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы Жарлық 1 қаңтар 2006 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 _ _ ж ы л ғ ы " _ _ _ " _ _ _ _ _ _ _ _

N _ _ Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының әскери киім нысаны

Сұр түсті қаракөлден тігілген құлақшын.

Маңдайшасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы мен жиегінде алтын түстес тігісі, алтын түстес өрілген бауы және күнқағарында ою-өрнегі бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн фуражка.

Қара қоңыр қорғаныш түсті жүн берет.

Бүркеніш түсті далалық фуражка.

Сұр түсті қаракөлден тігілген алмалы-салмалы жаға.

Алтын түстес тігісі, погондары мен жылы астары бар қара қоңыр қорғаныш түсті ж ү н п а л ь т о .

Алтын түстес тігісі, погондары мен алмалы-салмалы жылы астары бар маусымдық қара қоңыр қорғаныш түсті күртеше.

Жағасында алтын түстес тігісі, погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн м у н д и р (к и т е л ь) .

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн свитер.

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн күртеше.

Қара қоңыр қорғаныш түсті жүн шалбар.

Погондары бар ақ түсті жейде.
Погондары бар сарғыш түсті жейде.
Алтын түстес бекітпесі бар қара түсті галстук.
Сұр түсті қаракөлден тігілген жағасы, погондары бар қысқы далалық бүркеніш түсті
к о с т ю м .

Погондары бар жазғы далалық бүркеніш түсті костюм.
Бүркеніш түсті футболка.
Қара қоңыр қорғаныш түсті кашне.
П а р а д т ы қ б е л д і к .
Қара түсті қонышы қысқа бәтеңке.
Қара түсті қонышы биік бәтеңке.
Қара түсті іші теріден тігілген қонышы биік қысқы бәтеңке.
Қара түсті іші теріден тігілген қонышы қысқа қысқы етік.
Қ а р а т ү с т і ұ й ы қ .

Қара түсті былғары биялай.

2. Келісім-шарт бойынша және шақыру бойынша офицерлердің, келісім-шарт бойынша сержанттар мен сарбаздардың әскери киім нысаны (Әскери-теңіз күштерінің, жағалық қорғаныс бөлімдерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі теңіз бөлімдерінің келісім-шарт бойынша және шақыру бойынша офицерлерінен, келісім-шарт бойынша старшиналары мен матростарынан, әйел жынысты әскери қызметшілерден басқа)

Қара көк түсті цигейкадан тігілген (жоғары офицерлер құрамы мен полковниктер үшін - сұр түсті қаракөлден тігілген) құлақшын.

Белгіленген түсті көмкермесі мен жиегі (жоғары офицерлер құрамы үшін - жиегінде алтын түсті тігісі бар), алтын түстес өрілген бауы бар (келісім-шарт бойынша сержанттар мен сарбаздар үшін - қара түсті бауы бар) қара қоңыр қорғаныш түсті жүн ф у р а ж к а .

Белгіленген түсті көмкермесі бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн пилотка.

Белгіленген түсті жүн берет.

Далалық бүркеніш түсті фуражка (панама).

Қара түсті жүн бүркеме құлақшын (тек арнайы мақсаттағы бөлімшелердің әскери қ ы з м е т ш і л е р і ү ш і н) .

Қара көк түсті цигейкадан тігілген (жоғары офицерлер құрамы мен полковниктер үшін - сұр түсті қаракөлден тігілген) алмалы-салмалы жаға.

Погондары мен жылы астары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн пальто (жоғары офицерлер құрамы үшін - алтын түстес тігісі бар).

Погондары мен алмалы-салмалы жылы астары бар маусымдық қара қоңыр қорғаныш түсті күртеше.

Алтын түстес тігісі және погондары бар маусымдық қара қоңыр қорғаныш түсті плащ (тек жоғары офицерлер құрамы үшін).

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн мундир (китель) (жоғары офицерлер құрамы үшін - жағасында алтын түстес тігісі бар, салтанатты нысан кезінде тігісі жағасында және қайырмасында).

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн свитер.

Қара қоңыр қорғаныш түсті жүн кеудеше (тек жоғары офицерлер құрамы үшін).

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн күртеше.

Белгіленген түсті көмкермесі бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн шалбар (жоғары офицерлер құрамы үшін көмкермесі мен лампасы бар).

Погондары бар ақ түсті жейде.

Погондары бар сарғыш түсті жейде.

Алтын түстес бекітпесі бар қара түсті галстук.

Қара көк түсті цигейкадан тігілген жағасы, погондары бар қысқы далалық бүркеніш түсті костюм (жоғары офицерлер құрамы үшін - сұр түсті қаракөлден тігілген жаға).

Погондары бар жазғы далалық бүркеніш түсті костюм.

Белгіленген түсті жолақтары бар тельняшка (кімге тиісті).

Бүркеніш түсті футболка немесе майка.

Ақ түсті кашне.

Қара қоңыр қорғаныш түсті кашне.

Бір металл ұштығы (жоғары офицерлер құрамы үшін - екі ұштығы) бар алтын түстес аксельбант.

Нышан белгісі - генерал жұлдызы (тек жоғары офицерлер құрамы үшін).

Парадтық белдік.

Былғары жабдықтар.

Қара түсті қонышы қысқа бәтеңке.

Қара түсті қонышы биік бәтеңке.

Қара түсті іші теріден тігілген қонышы биік қысқы бәтеңке.

Қара түсті іші теріден тігілген қонышы қысқа қысқы етік.

Қара түсті ұйық.

Ақ түсті биялай.

Қара түсті биялай.

Қорғаныш түсті плащ-жамылғы.

3. Орта және жоғары әскери оқу орындары курсанттарының, шақыру бойынша сержанттар мен сарбаздардың әскери киім нысаны (Әскери-теңіз күштері, жағалық қорғаныс бөлімдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің Шекара қызметі теңіз бөлімдері орта және жоғары әскери оқу орындарының курсанттарынан, шақыру бойынша старшиналары мен матростарынан, әйел жынысты әскери қызметшілерден басқа)

Қара көк түсті цигейкадан тігілген құлақшын.

Белгіленген түсті көмкермесі мен жиегі, қара түсті бауы бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн фуражка.

Белгіленген түсті жүн берет.

Бүркеніш түсті далалық фуражка (панама).

Қара түсті жүн бүркеме құлақшын (тек арнайы мақсаттағы бөлімшелердің әскери қызметшілері үшін).

Погондары мен жылы астары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн пальто.

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн мундир (китель).

Қара қоңыр қорғаныш түсті жүн шалбар.

Погондары бар сарғыш түсті жейде.

Алтын түстес бекітпесі бар қара түсті галстук.

Қара көк түсті цигейкадан тігілген жағасы, погондары бар қысқы далалық бүркеніш түсті костюм.

Погондары бар жазғы далалық бүркеніш түсті костюм.

Белгіленген түсті жолақтары бар тельняшка (кімге тиісті).

Қорғаныш түсті не бүркеніш түсті футболка (майка).

Қара қоңыр қорғаныш түсті кашне.

Күміс түстес (Республикалық ұланның әскери қызметшілері үшін - алтын түстес) аксельбант.

Қоңыр (ақ) түсті белдікті белбеу.

Қара түсті бәтеңке.

Қара түсті қонышы биік бәтеңке.

Қара түсті ұйық.

Ақ түсті биялай.

Қара түсті биялай.

Қорғаныш түсті плащ-шатыр.

4. Әйел жынысты әскери қызметшілердің әскери киім нысаны (Әскери-теңіз күштерінің, жағалық қорғаныс бөлімдерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі теңіз бөлімдерінің әйел жынысты әскери қызметшілерінен басқа)

Қара көк түсті цигейкадан тігілген құлақшын (полковниктер үшін - сұр түсті қаракөлден тігілген).

Белгіленген түсті көмкермесі бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн пилотка.

Белгіленген түсті жүн берет.

Бүркеніш түсті далалық фуражка (панама).

Қара көк түсті цигейкадан тігілген (полковниктер үшін - сұр түсті қаракөлден тігілген) алмалы-салмалы жаға.

Погондары мен жылы астары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн пальто.

Погондары бар маусымдық қара қоңыр қорғаныш түсті пальто.

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн мундир (китель).

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн свитер.

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн күртеше.

Қара қоңыр қорғаныш түсті жүн юбка.

Белгіленген түсті көмкермесі бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн шалбар.

Погондары бар ақ түсті әйелдер жейдесі.

Погондары бар сарғыш түсті әйелдер жейдесі.

Алтын түстес бекітпесі бар қара түсті галстук.

Қара көк түсті цигейкадан тігілген жағасы, погондары бар қысқы далалық бүркеніш түсті к о с т ю м .

Погондары бар жазғы далалық бүркеніш түсті костюм.

Белгіленген түсті жолақтары бар тельняшка (кімге тиісті).

Қорғаныш түсті не бүркеніш түсті футболка (майка).

А қ тү с т і к а ш н е .

Қара қоңыр қорғаныш түсті кашне.

Бір металл ұштығы бар алтын түстес аксельбант.

П а р а д т ы қ б е л д і к .

Б ы л ғ а р ы ж а б д ы қ т а р .

Қ а р а тү с т і т у ф л и .

Қара түсті қонышы биік бәтеңке.

Қара түсті іші теріден тігілген қонышы биік қысқы бәтеңке.

Қара түсті іші теріден тігілген қысқы етік.

А қ тү с т і б и я л а й .

Қ а р а тү с т і б и я л а й .

Қ а р а тү с т і ұ й ы қ .

Қорғаныш түсті плащ-жамылғы.

5. Әскери-теңіз күштері, жағалық қорғаныс бөлімдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі теңіз бөлімдері

келісім-шарт бойынша және шақыру бойынша офицерлерінің, келісім-шарт бойынша старшиналары мен матростарының әскери киім нысаны (әйел жынысты әскери қызметшілерден басқа)

Қара түсті цигейкадан тігілген құлақшын (жоғары офицерлер құрамы, полковниктер мен 1-дәрежелі капитандар үшін - қаракөлден тігілген күнқағары бар б ө р і к) .

Белгіленген түсті жиегі мен көмкермесі (жоғары офицерлер құрамы үшін - жиегінде алтын түстес тігісі және күнқағарында ою-өрнегі бар, 1, 2 және 3-дәрежелі капитандар үшін - күнқағарында алтын түстес ою-өрнегі бар), алтын түстес өрілген бауы бар (старшиналар мен матростар үшін - қара түсті бауы бар) қара түсті жүн фуражка.

Белгіленген түсті көмкермесі (жоғары офицерлер құрамы үшін - жиегінде алтын түстес тігісі және күнқағарында ою-өрнегі бар, 1, 2 және 3-дәрежелі капитандар үшін - күнқағарында алтын түстес ою-өрнегі бар), алтын түстес өрілген бауы бар (старшиналар мен матростар үшін - қара түсті бауы бар) ақ түсті жазғы фуражка.

Белгіленген түсті көмкермесі бар қара түсті жүн пилотка.

Алмалы-салмалы күнқағары бар көк түсті пилотка (тек кеме құрамының офицерлері , старшиналары мен матростары үшін).

Белгіленген түсті жүн берет (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін).

Бүркеніш түсті далалық фуражка (панама) (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін).

Қара түсті жүн бүркеме құлақшын (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін).

Қара түсті теріден тігілген (жоғары офицерлер құрамы, полковниктер мен 1-дәрежелі капитандар үшін - қара түсті қаракөлден тігілген) алмалы-салмалы жаға.

Погондары және жылы астары бар қара түсті жүн пальто.

Погондары және алмалы-салмалы жылы астары бар қара түсті маусымдық күртеше.

Алтын түстес тігісі және погондары бар қара түсті маусымдық плащ (тек жоғары о ф и ц е р л е р құрамы үшін) .

Погондары бар белгіленген түсті жүн тужурка (жоғары офицерлер құрамы үшін - жағасында алтын түстес тігісі бар).

Погондары бар қара түсті жүн свитер.

Қара түсті жүн кеудеше (тек жоғары офицерлер құрамы үшін).

Погондары бар қара түсті жүн күртеше.

Қ а р а т ү с т і жүн ш а л б а р .

Көк түсті балағы түсіңкі немесе балағы қысқа шалбар (тек кеме құрамының жоғары және кіші офицерлер құрамы, старшиналары мен матростары үшін).

Погондары бар ақ түсті жейде.

Погондары бар сарғыш түсті жейде.

Алтын түстес бекітпесі бар қара түсті галстук.

Қара көк түсті цигейкадан тігілген жағасы (жоғары офицерлер құрамы үшін - сұр түсті қаракөлден тігілген жаға), погондары бар қысқы далалық бүркеніш түсті костюм (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін)

Погондары бар жазғы далалық бүркеніш түсті костюм (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін).

Белгіленген түсті жолақтары бар тельняшка.

Бүркеніш түсті футболка (майка) (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін).

Теріден тігілген жағасы мен погондары бар қара түсті қысқы костюм (тек жоғары офицерлер құрамының әскери қызметшілері үшін).

Погондары бар қара түсті жүн бушлат (тек кеме құрамының офицерлері, старшиналары мен матростары үшін).

А қ тү с т і к а ш н е .

Қ а р а тү с т і к а ш н е .

Бір металл ұштығы (жоғары офицерлер құрамы үшін - екі ұштығы) бар алтын түстес аксельбант.

Нышан белгісі - генерал жұлдызы (тек жоғары офицерлер құрамы үшін).

Кездігі бар парадтық белдік.

Б ы л ғ а р ы ж а б д ы қ т а р .

Қ а р а тү с т і қ о н ы ш ы қ ы с қ а б ә т е ң к е .

Қара түсті сандалеттер (тек кеме құрамының офицерлері, старшиналары мен матростары үшін).

Қара түсті қонышы биік бәтеңке (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін).

Қара түсті іші теріден тігілген қонышы биік қысқы бәтеңке (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін).

Қара түсті іші теріден тігілген қонышы қысқа қысқы етік.

Қ а р а тү с т і ұ й ы қ .

А қ тү с т і ұ й ы қ .

А қ тү с т і б и я л а й .

Қ а р а тү с т і б и я л а й .

Қара түсті плащ-жамылғы.

6. Әскери-теңіз күштері, жағалық қорғаныс бөлімдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің теңіз бөлімдері

орта және жоғары әскери оқу орындары курсанттарының, шақыру бойынша старшиналары мен матростарының әскери киім нысаны

Қара түсті цигейкадан тігілген құлақшын.

Белгіленген түсті көмкермесі, қара түсті бауы бар қара түсті жүн фуражка (тек екі жылдық оқу мерзімінен кейін Әскери теңіз күштері орта және жоғары әскери оқу орындарының курсанттары үшін).

Қара түсті жиегі мен бауы бар жазғы ақ түсті фуражка (тек екі жылдық оқу мерзімінен кейін Әскери-теңіз күштері орта және жоғары әскери оқу орындарының курсанттары үшін).

Ақ түсті көмкермесі, флоттық лентасы бар қара түсті жүн күнқағарсыз фуражка (екі жылдық оқу мерзімінен кейін Әскери-теңіз күштері орта және жоғары әскери оқу орындарының курсанттарынан басқа).

Флоттық лентасы бар жазғы ақ түсті күнқағарсыз фуражка (екі жылдық оқу мерзімінен кейін Әскери-теңіз күштері орта және жоғары әскери оқу орындарының курсанттарынан басқа).

Қара түсті мақта-мата пилотка.

Қара түсті жүн берет (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростар үшін).

Бүркеніш түсті далалық фуражка (панама) (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростар үшін).

Қара түсті жүн бүркеме бөрік (тек арнайы мақсаттағы бөлімшелердің әскери қызметшілері үшін).

Погондары мен жылы астары бар қара түсті жүн пальто.

Погондары бар қара түсті жүн бушлат (жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростардан басқа).

Нысанды жағасы бар, шағын погондары бар көк түсті фланельден тігілген жейде.

Нысанды жағасы, шағын погондары бар ақ түсті нысанды жейде.

Қара түсті жүн шалбар.

Нысанды жағасы бар, шағын погондары бар көк түсті флоттық костюм.

Қара көк түсті цигейкадан тігілген жағасы бар, погондары бар қысқы далалық бүркеніш түсті костюм (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростар үшін).

Погондары бар жазғы далалық бүркеніш түсті костюм (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростар үшін).

Қара түсті жолақтары бар тельняшка.

Бүркеніш түсті футболка (майка) (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростар үшін).

Қара түсті кашне.

Бір металл ұштығы бар күміс түстес аксельбант.

Қара түсті белдікті белбеу.

Қара түсті бәтеңке.

Қара түсті қонышы биік бәтеңке (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростар үшін).

Юфть бәтеңке (жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін старшиналар мен матростардан басқа).

Қара түсті ұйық.

Ақ түсті биялай.

Қара түсті биялай.

Қара түсті плащ-шатыр.

7. Әскери-теңіз күштері, жағалық қорғаныс бөлімдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі теңіз бөлімдерінің әйел жынысты әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны

Қара түсті цигейкадан тігілген құлақшын (полковниктер мен 1-дәрежелі капитандар үшін - қаракөлден тігілген күнқағары бар бөрік).

Белгіленген түсті көмкермесі бар қара түсті жүн пилотка.

Қара көк түсті жазғы мақта-мата берет.

Қара түсті жүн берет.

Бүркеніш түсті далалық фуражка (панам) (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әйел жынысты әскери қызметшілер үшін).

Қара түсті цигейкадан тігілген (полковниктер мен 1-дәрежелі капитандар үшін - қаракөлден тігілген) алмалы-салмалы жаға.

Погондары мен жылы астары бар қара түсті жүн пальто.

Погондары бар маусымдық қара түсті пальто.

Погондары бар белгіленген түсті жүн тужурка.

Погондары бар қара түсті жүн свитер.

Погондары бар қара түсті жүн күртеше.

Қара (ақ) түсті жүн юбка.

Қара түсті жүн шалбар.

Погондары бар ақ түсті әйелдер жейдесі.

Погондары бар сарғыш түсті әйелдер жейдесі.

Алтын түстес бекітпесі бар қара түсті галстук.

Қара көк түсті цигейкадан тігілген жағасы бар, погондары бар қысқы далалық бүркеніш түсті костюм (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әйел жынысты әскери қызметшілер үшін).

Погондары бар жазғы далалық бүркеніш түсті костюм (тек жағалық қорғаныс

бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әйел жынысты әскери қызметшілер үшін).

Қара түсті жолақтары бар тельняшка.

Қорғаныш түсті не бүркеніш түсті футболка (майка) (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әйел жынысты әскери қызметшілер үшін).

Ақ түсті кашне.

Қара түсті кашне.

Бір металл ұштығы бар алтын түстес аксельбант.

Парадтық белдік.

Былғары жабдықтар.

Қара түсті туфли.

Қара түсті қонышы биік бәтеңке (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әйел жынысты әскери қызметшілер үшін).

Қара түсті іші теріден тігілген қонышы биік бәтеңке (тек жағалық қорғаныс бөлімдерінде әскери қызмет өткеретін әйел жынысты әскери қызметшілер үшін).

Қара түсті іші теріден тігілген қысқы етік.

Ақ түсті биялай.

Қара түсті биялай.

Қара түсті ұйық.

Қара түсті плащ-жамылғы.

8. Кадет корпусы, "Жас ұлан" республикалық мектебі тәрбиеленушілерінің әскери киім нысаны

Қара көк түсті цигейкадан тігілген құлақшын.

Белгіленген түсті көмкермесі мен қара түсті бауы бар қара қоңыр қорғаныш түсті ("Жас ұлан" республикалық мектебінің тәрбиеленушілері үшін - көк барқын түсті) жүн ф у р а ж к а .

Белгіленген түсті жүн берет.

Бүркеніш түсті далалық фуражка (панам).

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн свитер.

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн пальто.

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті ("Жас ұлан" республикалық мектебінің тәрбиеленушілері үшін - көк барқын түсті) жүн мундир (китель).

Белгіленген түсті көмкермесі мен лампастары бар қара қоңыр қорғаныш түсті ("Жас ұлан" республикалық мектебінің тәрбиеленушілері үшін - көк барқын түсті) жүн ш а л б а р .

Погондары бар ақ түсті жейде (тек "Жас ұлан" республикалық мектебінің тәрбиеленушілері үшін).

Погондары бар сарғыш түсті жейде ("Жас ұлан" республикалық мектебінің

тәрбиеленушілері үшін - көгілдір түсті).

Алтын түстес бекітпесі бар қара түсті галстук.

Қара көк түсті цигейкадан тігілген жағасы бар, погондары бар қысқы далалық бүркеніш түсті костюм.

Погондары бар жазғы далалық бүркеніш түсті костюм.

Қорғаныш түсті не бүркеніш түсті футболка (майка).

Қара қоңыр қорғаныш түсті кашне.

Күміс түстес аксельбант.

Қоңыр (ақ) түсті белдікті белбеу.

Қара түсті бәтеңке.

Қара түсті қонышы биік бәтеңке.

Іші теріден тігілген қонышы қысқа қысқы етік.

Қара түсті ұйық.

Ақ түсті биялай.

Қара түсті биялай.

Қорғаныш түсті плащ-шатыр.

9. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрметті қарауыл ротасы әскери қызметшілерінің, әскери дирижерлері мен үрмелі оркестрлерінің әскери киім нысаны

Сұр түсті (Әскери-теңіз күштерінде - қара түсті) қаракөлден тігілген құлақшын.

Белгіленген түсті көмкермесі мен жиегі, алтын түстес өрілген бауы және күнқағарында ою-өрнегі бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн фуражка.

Белгіленген түсті көмкермесі бар, флоттық лентасы бар қара және ақ түсті жүн күнқағарсыз фуражка (тек Әскери-теңіз күштері құрметті қарауыл роталарының сарбаздар (матростар) құрамы үшін).

Белгіленген түсті жүн берет.

Сұр түсті (Әскери-теңіз күштерінде - қара түсті) қаракөлден тігілген алмалы - салмалы жаға.

Погондары мен жылы астары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн пальто.

Погондары бар қара түсті жүн бушлат.

Погондары бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн мундир (китель) (Республикалық ұланда - жағасы "тік").

Қара (ақ) түсті жүн тужурка мен шалбар.

Погондары бар сұрғылт түсті жүн свитер (тек Республикалық ұланның құрметті қарауыл роталары үшін).

Нысанды жағасы және шағын погондары бар көк түсті фланельден тігілген жейде (тек Әскери-теңіз күштері құрметті қарауыл роталарының сарбаздар (матростар)

қ ұ р а м ы ү ш і н) .

Нысанды жағасы және шағын погондары бар ақ түсті нысанды жейде (тек Әскери-теңіз күштері құрметті қарауыл роталарының сарбаздар (матростар) құрамы ү ш і н) .

Қара түсті жүн шалбар (тек Әскери-теңіз күштері құрметті қарауыл роталарының сарбаздар (матростар) құрамы үшін).

Белгіленген түсті көмкермесі бар қара қоңыр қорғаныш түсті жүн шалбар.

Белгіленген түсті көмкермесі бар көк барқын түсті балағы етікке салынатын шалбар және ақ түсті балағы түсіңкі шалбар (тек Республикалық ұлан құрметті қарауыл роталарының әскери қызметшілері үшін).

Погондары бар ақ түсті жейде.

Алтын түстес бекітпесі бар қара түсті галстук (Әскери-теңіз күштері құрметті қарауыл роталарының сарбаздар (матростар) құрамынан басқа).

Белгіленген түсті жолақтары бар тельняшка.

А қ т ү с т і к а ш н е .

Ішкі металл ұштығы бар алтын түстес аксельбант.

П а р а д т ы қ б е л д і к .

Ақ түсті белдікті белбеу (құрметті қарауыл роталарының сарбаздар (матростар) қ ұ р а м ы ү ш і н) .

Ақ түсті қонышы қысқа бәтеңке (тек Әскери-теңіз күштері және Республикалық ұлан құрметті қарауыл роталарының офицерлер құрамы үшін).

Қара түсті қонышы қысқа бәтеңке.

Қара түсті іші теріден тігілген қонышы қысқа қысқы етік.

Қара түсті хром етік (Әскери-теңіз күштері құрметті қарауыл роталарының әскери қызметшілерінен басқа).

Қ а р а т ү с т і ұ й ы қ .

А қ т ү с т і б и я л а й .

Қара түсті биялай.

10. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери полициясы әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны

Қара түсті цигейкадан тігілген құлақшын (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің объектілерін күзету бойынша әскери полиция жасағының әскери қызметшілері үшін - күнқағары бар қара түсті бөрік).

Белгіленген түсті көмкермесі және алтын түстес өрілген бауы бар (келісім-шарт бойынша сержанттар мен сарбаздар үшін - қара түсті бауы бар) қара түсті жүн фуражка .

Белгіленген түсті көмкермесі бар қара түсті жүн пилотка.

Қара түсті жүн берет.
Бүркеніш түсті далалық фуражка немесе панама.
Қара түсті цигейкадан тігілген алмалы-салмалы жаға.
Погондары және жылы астары бар қара түсті жүн пальто.
Погондары және алмалы-салмалы жылы астары бар маусымдық қара түсті күртеше.

Погондары бар қара түсті жүн мундир (китель).
Погондары бар қара түсті жүн свитер.
Погондары бар қара түсті жүн күртеше.
Белгіленген түсті көмкермесі бар қара түсті жүн шалбар.
Погондары бар ақ түсті жейде.
Погондары бар сарғыш түсті жейде.
Алтын түстес бекітпесі бар қара түсті галстук.

Погондары бар астары теріден тігілген қара түсті күртеше мен астары жылы шалбар (тек Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің объектілерін күзету жөніндегі әскери полиция жасағының әскери қызметшілері үшін).

Қара көк түсті цигейкадан тігілген жағасы, погондары бар қысқы далалық бүркеніш
т ү с т і к о с т ю м .

Погондары бар жазғы далалық бүркеніш түсті костюм.

Бүркеніш түсті футболка (майка).

А қ т ү с т і к а ш н е .

Қ а р а т ү с т і к а ш н е .

Бір металл ұштығы бар алтын түстес аксельбант.

П а р а д т ы қ б е л д і к .

Б ы л ғ а р ы ж а б д ы қ т а р .

Қара түсті қонышы қысқа бәтеңке.

Қара түсті іші теріден тігілген қонышы қысқа қысқы етік.

Қара түсті қонышы биік бәтеңке.

Қ а р а т ү с т і ұ й ы қ .

А қ т ү с т і б и я л а й .

Қ а р а т ү с т і б и я л а й .

Қара қоңыр қорғаныш түсті плащ-жамылғы.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 _ жылғы " _ _ _ _ "

N _ Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің айырым белгілері

1. Көп түсті немесе қорғаныш түсті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының кестеленген бейнесі, алтын немесе қорғаныш түсті кестеленген (жапсыра тігілген) және бес бұрышты металл жұлдыздар, алтын немесе қорғаныш түсті жапсыра тігілген және металл (бұрыштама түріндегі) жапсырмалар, сондай-ақ тужурка жеңдеріне көлденең орналастырылатын алтын түстес оқалар мен кестеленген жұлдыздар (кеме құрамы офицерлерінің әскери атақтары бойынша жеңдегі айырым белгілері) әскери атақтары бойынша айырым белгілері болып табылады.

2. Погондарда орналастырылатын әскери атақтар бойынша айырым белгілерінің мөлшерлері мыналарды құрайды:

кестеленген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының диаметрі - 40 мм;
жоғары офицерлер құрамы кестеленген жұлдыздарының диаметрі - 22 мм;
аға - офицерлер құрамы үлкен металл жұлдыздарының диаметрі - 20 мм;
кіші офицерлер құрамы кіші металл жұлдыздарының диаметрі - 13 мм;
сержанттар (старшиналар) құрамы енді жапсырмаларының ені - 30 мм;
сержанттар (старшиналар), сарбаздар (матростар) құрамы енсіз жапсырмаларының ені - 10 мм.

Кеме құрамы офицерлерінің әскери атақтары бойынша жеңдегі айырым белгілерінің мөлшерлері мыналарды құрайды:

жоғары офицерлер құрамы жұлдыздарының диаметрі - 50 мм;
аға және кіші офицерлер құрамы жұлдыздарының диаметрі - 30 мм;
енді оқаның ені - 30 мм;
орташа оқаның ені - 13 мм;
енсіз оқаның ені - 6 мм.

3. Погондарда орналастырылатын әскери атақтары бойынша айырым белгілері:

